

## **Мемлекеттік резервтен дизель отынын босату туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 26 маусымдағы N 201

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті 1997 жылдың 31 қарашасына дейін мемлекеттік резервке қайтару және Жамбыл облысы әкімінің 1997 жылғы 4 маусымдағы кепілдікті міндеттемесімен тауар несиесін пайдаланған кезең үшін республикалық бюджеттің кірісіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша проценттер төлеу шарттарында ала тұру тәртібімен мемлекеттік резервтен 16,6 мың тонна дизель отынын босатсын.

2. Дизель отынының пайдаланылуына және мемлекеттік резервке қайтарылуына бақылау жасау Жамбыл облысының әкіміне жүктелсін.

Премьер-Министр